

*Literature and Folklore/ Әдебиет және Фольклор/ Литература и Фольклор**Article***Алтын Орда дәуірі әдебиетінің эстетикалық әлемі және оның қазақ әдебиетіндегі өрісі¹*****М. Сабыр^a, А. Раманова^b, Д. Кусаинова^c, Т. Ахметов^d**^aБатыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы, (E-mail: sabir_uralsk@mail.ru). *Байланыс үшін автор: sabir_uralsk@mail.ru^bБатыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы (E-mail: ramanova2008@mail.ru)^cБатыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы (E-mail: dina_kusainova@mail.ru)^dБатыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан Республикасы (E-mail: talgat_akhmet@bk.ru)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:*Алтын Орда, поэтикалық дәстүр, рухани-мәдени мұра, құндылық, эстетика, тілдік құралдар, сабақтастық.*

XFTAMP 17.07.21

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-191-208>

Қазақ елінің рухани-мәдени тарихында Алтын Орда дәуірі тұсындағы жазба әдеби мұралар үлкен орын алады. Орта түркі дәстүрлер түркі халықтарының ортақ рухани-мәдениеті біртұтас орта түркі тілінен көрінді. Осы орта түркі тілінің негізінде қыпшақ-оғыз, оғыз-қыпшақ тілді әдебиет өркендеп, ұлттық ерекшеліктер де айқындала бастады. Дегенмен әдеби жазба жәдігерліктерде шығыстық поэтикалық дәстүрлері анық байқалды. Алтын Орда тұсындағы әдеби-көркем шығармалардың қатарында Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» ғашықтық дастандарының орны ерекше.

Зерттеудің мақсаты – жазба әдеби мұралардың бойындағы рухани-мәдени құндылықтар әлемін, оның ішінде эстетикалық таным-түсінікті зерделеу. Сонымен қатар тамырын тереңнен тартқан көркемдік-эстетикалық ұғымдардың қазақ әдебиетіндегі өрісі қарастырылды. Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, баяндау әдістері мен мәтіндік талдау қолданылды.

Алтын Орда жазба әдеби мұраларында өзіндік дүниетаным, көркемдік-эстетикалық шешім, талғамдары тілдік құралдар, эпитет, метафора, теңеулер, айшықты сөздер, тұрақты тіркестер, сөз-символдар арқылы әдемі көрініс тапқан. XIII-XIV ғасырлардағы әдеби жәдігерліктерде рухани-мәдени дүниетанымның, эстетикалық көзқарастың дереккөзі, мол қоры бар. Әдеби мұра тіліндегі қолданыстар кейінгі қазақ әдебиетінде өрісін жалғастырып, әдемілікті, сұлулықты бағалаудың тұтас әдеби бейнесін беріп тұр.

Жалпы адамзаттық дүниетаным кеңістігінде ұлттық мәдениетті көрсететін – әдеби жазба мұралар. Қазақ әдебиетінің көркемдік, рухани ұстанымдарының, эстетикалық дүниетанымның тарихы осы орта ғасырлық жазба әдеби ескерткіштерде жатыр. Зерттеу жұмысының практикалық мәні зор. Алынған нәтижелерді әдебиет тарихында, мәдениеттануда қолдануға болады.

Received 07 October 2024. Revised 07 October 2024. Accepted 22 November 2024. Available online 29 December 2024.

**Дәйексөз үшін:** М. Сабыр, А. Раманова, Д. Кусаинова, Т. Ахметов Алтын Орда дәуірі әдебиетінің эстетикалық әлемі және оның қазақ әдебиетіндегі өрісі // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 4. 191-208 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-191-208>**For citation:** М. Сабыр, А. Раманова, Д. Кусаинова, Т. Ахметов Алтын Орда дәуірі әдебиетінің эстетикалық әлемі және оның қазақ әдебиетіндегі өрісі // Turkic Studies Journal. 2024. Т. 6. № 4. 191-208 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-4-191-208>¹ Мақала AP19679282 «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» жобасы аясында жинақталған материалдар негізінде баспаға ұсынылды.

Кіріспе

Қазақ елі жаһандану тұсында саяси-әлеуметтік даму, интеграциялық үдеріс бағыттарымен қатар рухани-мәдени даму үдерістерін айқындап алуы қажет. Әдеби-мәдени мұралардың көркемдігін, тарихтың қойнауынан бүгінгі күнге жетіп отырған Алтын Орда тұсындағы жазба жәдігерліктердің рухани құндылықтарын танып-түстеу – өзекті мәселе. Өткен ғасырда көбінесе лексика-грамматикалық тұрғыдан көбірек қарастырылған осы дәуірдің жазба мұралары бүгінде әдебиеттанушылардың да, мәдениеттанушылардың да назарына ілігіп, шығармалардың басты идеясы, ішкі мазмұны, көркемдік ерекшелігі, лингвомәдени, этномәдени құндылығы және кейінгі дәуірлерде жазылған шығармаларға тигізген әсері жан-жақты зерттелу үстінде. «Мұның өзі Алтын Орда билігі тұсында жазылған әдеби жәдігерлерді ұлттық дүниетаным мен түркішілдік рух тұрғысынан зерттеп-зерделеудің қажеттілігі де артып келе жатқанынан хабар берсе керек» (Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы, 2022:3).

Қазақ хандығы құрылғанға дейін Еуразия кеңістігінде бірнеше мемлекеттік құрылымдар бірінің орнына бірі келіп отырды. Ал сол мемлекеттердің халқы байырғы түркі-қыпшақтар болатын. Басқару құрылымдары өзгергенмен, халықтың құрамы, тегі өзгермеді. Түркі халықтарының басқа мемлекеттерге қарсы қоятын әскери әлеуеті, елшілік-дипломатиялық дәстүрі, ең бастысы, өзіндік рухани мәдениеті, дүниетанымы болды. Ұлттың бет-бейнесін жоғалтпаудың, басқа мәдениеттерге мойынсынбаудың басты өзегі – рухани құндылық, эстетикалық таным.

Әлемдік өркениет, жалпы адамзаттық дүниетаным кеңістігінде ұлттық мәдениетіңді көрсететін, тегің мен даралағыңды бейнелейтін – әдеби жазба мұралар. Ал сол мұралар – эстетикалық әлемнің айнасы, дүниетаным көрсеткіші.

Алтын Орда дәуірінде шығыс поэзиясынан нәр алған түркі әдебиеті біртұтас орта түркі тілі негізінде жаңа арнада өркендеді. Фирдоуси, Низами, Сағдилар бастаған шығыстың әйгілі жеті жұлдызы салған әдеби дәстүр түркі шайырларының шеберлік мектебі дәрежесінде еді. Осы рухани, әдеби мектеп Дешті Қыпшақ даласының мәдени ошақтарында орта түркі тілінің екі тармағы, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз аралас әдеби тілдік дәстүрмен небір көркем шығармалардың жазылуына басты қайнар көз болды.

Қазақәдебиетініңкөркемдік, руханиұстанымдарының, эстетикалықдүниетанымының тарихы осы орта ғасырлық жазба әдеби ескерткіштерде жатыр.

Материалдар және зерттеу әдістері

Зерттеу материалдарына Алтын Орда дәуірі әдебиетінің көрнекті шығармалары, оның ішінде Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» және Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастандарынан көркем сөз үлгілері іріктеліп алынды. Сонымен қатар салыстыра зерттеу үшін қазақ лиро-эпостарынан үзінділер, қазақ ақындары поэзиясының үлгілері де пайдаланылды.

Орта ғасыр жазба әдеби мұраларын зерттеген Э.Н.Наджип, Р.Бердібаев, Ш.Сатпаева, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ө.Күмісбаев, А.Қыраубаева, А. Хамраев сияқты ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды (Наджип, 1979:478; Бердібаев, 2018:480; Сатпаева, 2012: 408; Құрышжанов, Ибатов, 1981: 97; Сағындықұлы, 2006: 109; Күмісбаев, 1994: 315; Қыраубаева, 1988: 163; Хамраев, 2024: 175;).

Зерделеу үдерісінде талапқа сай нақты мәтіндердің болуына назар аударылды. Тақырыпқа сай үзінділер сұрыпталып алынды. Зерттеу барысында әдеби әдіс-тәсілдерінің бірнеше түрлері пайдаланылды. Олардың ішіндегі негізгілері – тарихи-салыстырмалы, типологиялық салыстыру, баяндау әдістері қолданылды.

Алтын Орда дәуірінде діни-дидактикалық шығармалармен қатар көркем әдеби туындылар – қисса, дастандар, намелер жазылды. Бұл шығармалардың өн бойында орта ғасырлық түркі дүниесінің дүниетаным дәстүрі, көркемдік пайымы, эстетикалық әлемі барынша айқын көрініс тапты. Бұл шығармалар – назирагөйлік дәстүрмен жазылған жауһар дүниелер. Атап айтсақ, Құл Әлидің «Қисса Жүсіп», Рабғузидің «Қиссас-үл анбия», Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Сейф Сарайидің «Гүлстан бит-түрки», Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің «Нахдж әл-фарадис», Хұсам Катибтің «Жұмжұма» шығармалары. «Жазба мұрағаттар тілі қазіргі қазақ әдеби тілінің алғашқы бой көрсетуі, бастауы. Ортағасырлық көркем әдебиеттің тілі – қазіргі қазақ әдеби тілінен өзгешерек болғанымен, сабақтасып, жалғасып жатқан дүниелер» (Сабыр, 2021: 361).

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Орта ғасырларда, Шығыс ренессансы кезеңінде парсы әдебиеті араб және парсы тілінде шарықтап дамыды. Е. Бертельстің пікірлеріне сүйенсек, «ол тілі бөлек болғанымен жырлаған тақырыбы, әдіс-тәсілдері, тұлғасы бірдей біртұтас әдебиет болатын» (Бертельс, 1935: 14). Осы парсы поэзиясы орта ғасырлық түркі-қыпшақтардың әдебиетіне игі ықпал етті. Профессор И.С.Брагинский түркі шайырлары үлгі тұтқан XIII-XV ғасырлардағы парсы поэзиясы мен түркі поэзиясының сабақтастығы туралы зерделей келе, Шыңғыс хан жорығы мәдениетке кері әсер етсе де, рухани өмір тұралап қалған жоқ. Түркі поэзиясы дамудың жаңа кезеңіне аяқ басты, дәстүрлі жанрлар жаңаша өң алып, дамыды. Әртүрлі ұйқас түрлері, оралымдар, сөз ойнату, түрлендіру әдіс-тәсілдері беки түсті дейді (Брагинский, 1984: 128).

Түркі-қыпшақ ақындары шығыс, әсіресе араб-парсы-тәжік шайырларының әлемге мәшһүр шығармаларының оқиға желісін сақтай отырып қайта жырлады. Назирагөйлік дәстүрмен өлең өлшемдерін, ұйқас түрлерін, бейнелеу жүйесін, суреттеу өрнегін барынша өзгертпей, сол сүрлеумен жаңа туынды жасауға ұмтылды. Мәселен, қыпшақ ақыны Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасында Низами нұсқасының өлең өлшемдері кәдімгідей сақталғаны байқалады. Дегенмен Құтыптың да өзіндік стилі, көркемдік ізденістері көрініс тауып отырады. Профессор А.Ибатов Құтыптың «Хұсрау мен Шырын» поэмасы парсы тіліндегі Низами поэмасының тікелей тәржімасы емес, дегенмен

сол шығарманың оқиға желісін, құрылымын сақтай отырып, түркі-қыпшақтардың дүниетанымына, салт-дәстүріне лайықтап, еркін және шығармашылық жолмен жасалған жаңа аударма деп бағалайды (Ибатов, 1974: 7). Ал Р.Бердібаев «Қысырау мен Шырын» дастанында неше алуан тұлғалар, мәңгі өшпес бейнелер жасалған. Адал махаббаттың үлгісіндей Шырын бейнесі поэзияның баға жетпес табысы болып қалды», - деп тұжырымдады (Бердібаев, 2018: 24).

Назирашыл дәстүрлі поэзияда шығыстық өлең өлшемі қатаң қалып болғанмен, түркілік дүниетаным, эстетикалық қабылдауға орай көркемдік өзгерістер, ізденістер болған жоқ деп айта алмаймыз. Көркемдік ерекшелік, лирикалық әрлеу үлгілері Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасында айқын көрінеді. Белгілі ғалым Ө.Күмісбаев «Мұхаббат-наме» лирикалық ыңғайда жазылған, «Құтадғу білік» сияқты дидактикалық шығарма емес, өзіндік өрнегі бар, құрылымы ерекше дүние, ақын поэтикалық сезіммен, жан-дүниесімен қорытып жырлаған деп түсіндіреді (Күмісбаев, 1994: 14).

Алтын орда дәуірі тұсындағы жазба жәдігерліктерді зерттеуде татар, өзбек ғалымдарымен қатар Н.Сағындық, Г.Мамырбек, С.Ерманова сияқты қазақ ғалымдары да нәтижелі еңбек етуде.

Талдау

Алтын Орда дәуіріндегі әдеби жазба мұраларды тек әдебиет туындысы деп қарайтын тар түсініктен шығып, кең ауқымда антропоэлекті деңгейде қарастыру – игілікті іс. Бұл шығармалар – тарихи үдерісті білдіретін, философия, ұлттық болмысты, этнология мен ұлттық рухани-мәдени құндылықтарды бойына жинаған алтын қор. Алтын Орда тұсындағы әдебиетті қайта өрлеу дәуірінің ерекше өнімі деуге болады. Бұл тұстағы әдебиетте шығыстық сарынмен қатар түркілік рухани құндылықтар әлемі бейнесі көрініс тапты және шынайы еркін, адами сезімдер өрнектелді, жүрек құпиясы, сыр сандықтар ашылды. Сыр сандықтағы адам жанының ішкі дүниесін, адами келбетін ашатын түркілік құндылықтар әлемі сан қилы. Мәселен, адалдық, ізгілік, қайырымдылық, жомарттық, мәрттік, сыйластық, достық, махаббат және сұлулық, әсемдік, яғни эстетикалық құндылық. Сұлулық, әдемілік бар жерде міндетті түрде махаббат болады. Алма Қыраубаева «Хорезми жер бетіндегі қызықтың бәрі о дүниелік өмірдің қасында түк емес деп уағыздамайды, қайта мұнда адамның қасиетті сезімін, адамгершілікті, асыл махаббатты ардақтап, сүю бақытын басқа қияли қызықтарға айырбастамайтынын жыр етеді», – дейді (Қыраубаева, 1988: 26). Иә, асыл махаббат сұлулық барда туындайды.

Адам баласын қоршаған ортада түрлі көз тартар әсемдік бар. Ол бірінші кезекте табиғат әдемілігі, тау, тас, ай, күн, орман т.б. сұлулықтар көздің жауын алады, адам баласы оған құмартып қарап, тояттайды. Екіншіден, жан-жануар, хайуанаттар сұлулығы бір ерекше дүние. Аққудың кербездігі, арғымақтың жүрісі, ботақанның мөлдір көзі т.б. Дегенмен жер бетіндегі ең ғажайып құбылыс – Алла Тағаланың ең мықты жаратылысы адамзат және адам баласының көркі. Түркі-қыпшақ ақындары адамзат әдемілігін табиғи

сұлулықтармен шендестіріп барып таниды да, әдеби образдарды сөзбен кестелейді, бейнелі жыр шумақтарын түзеді. «Хұсрау мен Шырын» поэмасындағы Шырын сұлудың сипаты:

Жүзі күндей, шашы түн, маңдайы Ай ол,

Көзі нәркес, өңі гүл, көрікке бай ол.

Жаратылысынан бойы сэрв сияқты сымбатты,

Денесі – күміс, ерні – шекер ләззаты (Әдеби жәдігерлер, 2012: 28).

Құтып ақын Шекер сұлудың бейнесін сомдауда метафораларды қолданады:

Бет пердесін алса жүзінен ол толған Ай,

Көрген кісіден қайғы-уайым кетер.

Көзі – нәркес, меңі – анбар, өңі – гүл,

Оның сұлулығына көріктілердің бәрі – құл (Әдеби жәдігерлер, 2012а: 140).

Ал Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасындағы ғашығының бейнесі сомдалған ғазалдарды барласақ:

Жүзіңнен көрдім, ей жан, мейрам айын,

Соның ішін шүкір қылып, құрбан болайын (Хорезми, 1985а: 31).

Сәлемімді жеткіз сол көрікке байға,

«Оның жүзінен мың есе төмен де, ай да» (Хорезми, 1985б: 47).

Сен сияқты қайың жоқ бақ ішінде,

Ай қалады нұрыңнан күңгірт жүзді пішінде (Хорезми, 1985в: 50).

Ей, қайың тұлғалы, сәулелі ай,

Күндей көркің әлемге болар арай (Хорезми, 1985г: 67).

Орта ғасырлық әдебиет, сол дәуірдегі шайырлар өзіне дейінгі қалыптасқан әдеби дәстүр, әдеби этикет шеңберінен шығуды мақсат етпеген. Қайта сол әдеби дәстүрлерді қалыпты жолмен одан әрі дамытып, түрлендіріп, ажарландыра түскен. Дегенмен Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақ ақындары араб-парсы әдебиетіндегі шығыстық дәстүрлерді, сөз саптау, ұйқас келтіру үлгілерін түркі қауымына түсінікті болу үшін түркілік дүниетаным көзқарастарымен сәйкестендіріп, селбестіріп, үйлесімді симбиозға қол жеткізіп отырған. Ақындар көркемдік ізденістерде метафора арқылы әдемілікті шындықпен, адамдардың күнделікті көріп жүрген белгілі бар нәрсемен қатар қойып суреттеген. Кең жазира даланы мекендеген көшпенділер үшін тас қараңғы түнде айдан артық ешнәрсе жоқ. Жоғарыда келтірілген өлең жолдарында *ай* сөзінің сұлулықтың эталоны ретінде берілуі заңды құбылыс. Бұл дәстүр қазақтың қара өлеңдерінде жалғасын тауып жатты. Мәселен,

Ақ жүзіңе қарасам, *айдан аппақ*.

Жігіт сенен артық жан қайдан таппақ.

Қанаты қарлығаштың – қара қасың,
Аққудай суға түскен таранасың.
Жүзіңе бейне *толған ай* сияқты
Құмартып қандай жігіт қарамасын.

Ай сөзі арқау болған тұрақты тіркестер де жазба ескерткіштер мәтінінде көптеп кездеседі. Фразеологизмдер – адамның ассоциативті ойлауының нәтижесі, халықтың өмірлік тәжірибесінің даналық туындысы, әрдайым қолданысқа дайын тұратын әсем де әсерлі өрілген сөз өрнектері болғандықтан, олар ойды бейнелі суреттеу арқылы жеткізудің айшықты амалы, белгілі бір ұтымды құралы болып табылады (Сыздықова, 1995: 94).

Ұлттың рухани мәдениетін, эстетикалық талғамын беруде жазба мұралар тілінде космонимдік (аспан әлемі) атаулардың тұрақты тіркес құрауы да – эстетикалық танымның жарқын көрінісі. Мәселен, *Нітәк келдің бу йәргә әй толун ай* – неге келдің бұл жерге, әй толған ай (Ибатов, 1977: 276). Сөйлемдегі *толған ай* тіркесі пісіп, жетілген, бойжеткен ару қыздың әдемілігін сипаттап тұр. Осыған сәйкес қазақ халқының лиро-эпостық жырларында сұлу қыздар бейнесін *Толған айдай толықсып, Ақ сазандай бұлықсып, бұралып кетіп барады, Неше алуан қылықсып* деп суреттейді. Сонымен қатар қазақ тілінде толған айдай жарқыраған, толысқан, мінсіз жетілген сұлулықты бейнелейтін *он төртінші айдай боп* тіркесі де «Хұсрау мен Шырын» поэмасында толық нұсқада қолданылады: *Йелиб он төрт күн йар тиләйи, ол он төртінчи түннүң толун айы* – он төртінші түннің толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді (Ибатов, 1974: 236). Әр айдың он төртінші жұлдызында ай шартабақтай болып, әбден толысады. Сол себепті де халқымыз осы күнді айдың бір жаңасы дейді. Батыс Қазақстанда Наурыз мейрамын айдың 14-і күні атап өтуі тегін емес. Аспан әлемін, табиғат тылсымын білетін көшпенді халықтың дүниетанымы. Қазақ халқының жыр-өлеңдерінде ең жиі кездесетін тұрақты тіркес қашан да сұлулықты, әдемілікті білдіреді:

Өткелге тоғыз тарау көш те келді,
Наурызбай жігіттерін көштен бөлді.
Нұрланып *он төртінші туган айдай*
Науанды алшын, жаппас келіп көрді. (Хан Кене)

Жүзің бар *он төртінші айдай* көркем. (Халық әні)

«Хұсрау мен Шырын» мәтінінде Аның көркіндин *ай һәм увутта турмыш* (Ибатов, 1974: 53) сөйлемі «оның көркінен ай ұялар» деген мағынада беріп тұр. Қазақ ғалымдары аудармада мынадай өлең жолдарын келтіреді:

Жүзі күн жарығына жол ашқан,
Оның жүзінен Ай да ұялады.
Күміс анар сияқты екі емшегі,
Шекер шашар оған тәттілер елі.
Науат төгілер бірер қимылдатса ернін,
Сипаттап бергей ол Шырын мінезін (Әдеби жәдігерлер, 2012б: 28).

«Хұсрау мен Шырын» мәтініндегі Тілеб күн түн Уғандын ай йүзүмні сөйлемін аударсақ, «тілеп күн-түн құдайдан ай жүзімді» болып шығады. Бұндағы ай жүзім тіркесі қазақтың қара өлеңдерінде әртүрлі нұсқада кездеседі.

Біреу жарлы, біреу бай білмейсіз бе,
Айдай болған ақ жүзім көрмейсіз бе?

Поэма мәтініндегі шумақтарда кездесетін *маңдайы ай, толған ай, он төртінші түннің толған айы, ай да ұялар, ай жүзім* тұрақты тіркестерінде ай сөзі сұлулықтың негізгі көрсеткіші, шындықтың дәл өзі, сөз-символ ретінде алынған. Бұл дәстүр әлі күнге қазақ қауымында жалғасын тауып отыр. Оған *Айсұлу, Айсәуле, Толғанай, Айжарық* тектес кісі есімдері куә бола алады. Ай сөзінің тура мағынасынан жанама мағына туындап, тұрақты тіркестердің, кісі есімдерінің қалыптасуына себепші болған. Сонымен қатар ай сөзі киелі ұғымдармен де астасып жатыр. Қазақ ырымында *айды саусақпен нұсқап көрсетпеу, айға қарап дәрет сындырмау*, жаңа туған айды көргенде *жаңа айда жарылқа, ескі айда есірке* деп сәлемдесу сияқты наным-сенімдер бар. Төл басы, үйір басы боп жүрген ақ адал малын да ата-бабамыз ай тұяқты тұлпарым, ай мүйізді қошқарым, ай мүйізді ақ серкем атауы да сакральды ұғымдармен селбесіп, сабақтасып тұр.

Бұдан басқа *йүзі гүл, йүзі күн* тіркестері де сұлулықты суреттеуде жазба мұраларда кеңінен қолданылған: *Гүлгунны көрді ол йүзі гүл; Көрәр кім сувқа кірміш бір йүзі күн* «Гүлгунны көрді ол жүзі гүл; көрді ол суға түскен бір сұлуды» (Ибатов, 1974: 272).

Байырғы қыпшақтар мен сол қыпшақтардың бүгінгі мұрагері қазақ халқы да қоршаған ортаның, өзімен бірге өмір сүріп жатқан адамзаттың да сұлулығына, әдемілігіне, көркіне аса мән беріп, бағалап отырған. Жазба жәдігерліктер тіліндегі сұлулықты суреттейтін ұғымдар, сөз-символдар, тұрақты тіркестер қазіргі қазақ тілінде де жалғасып, өзіндік өріс алған. Әсіресе тұрақты тіркестердің бейнелілігі, көркемдегіш қасиеті ерекше. Бұл жайында І.Кеңесбаев фразеологизмнің бейнелі (дәлірек айтқанда, туынды) мағынада жұмсалуды – өнбойы кездесер қағида деп тұжырымдаған (Кеңесбаев, 2007: 597).

Сұлулықты, әдемілікті танып-түстеп суреттеуге деген құмарлықтың түп-төркінінде адамзаттың асыл сезімі сүйіспеншілік, махаббат жатса керек. Махаббат, сүйіспеншілік қарапайым пенделерге тән емес, тек Алла Тағалаға, Пайғамбарға бағытталған, соларды тануға, тылсым күштерге жақындауға арналған асыл сезім деген канондық ұғымдарға бағынбай адам баласының бір-біріне деген махаббатын, қыз бен жігіттің екеуара ынтықтығын жырлаған Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастандары – шын мәнінде қоғамға рухани сілкініс әкелген, қарапайым жандардың жүрек қылын тербеген лирикалық шығармалар. Осы үрдіс кейінгі қазақ ауыз әдебиетіне де, жазба әдебиетіне де ықпал етті. XV ғасырда дүниеге келген қазақ халқының төл лиро-эпостық жыры – «Қыз Жібек» өзіндік көркемдігімен ерекшеленеді. Осы жырда ғашықтық, махаббат барлық мақсат-мұраттан ең жоғары деңгейге қойылды:

Бектер мінген сұр қасқа,
Шаба алмаса ұр басқа,
Батырлық, байлық кімде жоқ
Ғашықтық жөні бір басқа.

«Қыз Жібек» жырында Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі сұлулықты, әдемілікті танудың үрдісі таза ұлттық деңгейде жаңа эстетикалық талғам биігіне жеткізілді. Көшпенді тұрмыс кешкен ата-бабамыздың дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынған, таныған дәстүрін, талғампаздығын, олар өмір сүрген табиғаттың суретін, көш-керуеннің әдемілігін, ару қыздың сымбатын көріп, ғажап бір әлемге енесің.

Қыз Жібектің ақтығы

Наурыздың ақша қарындай,

Ақ бетінің қызылы

Ақ тауықтың қанындай,

Екі беттің ажары

Жазғы түскен сағымдай,

Білегінің шырайы

Айбалтаның сабындай.

Төсінде бар қос анар

Нар бураның санындай.

Оймақ ауыз, күлім көз

Издеген ерге жолықты-ай (Қазақ эпостары, 2006: 256).

«Қыз Жібек» жырында сол орта ғасырлық жазба әдебиетке қолданылған айшықты сөздер, тұрақты тіркестер, теңеулер байырғы қалыппен жұмсалып, бірақ жаңаша өң алғаны байқалады. Мәселен, *нұр сәулеті бетінде, Шолпанның туған жұлдызы, толған айдай толықсып, әбжыландай толғанып, туған айдай иілген т.б.*

Әдемі табиғат аясында бұла боп өскен, ата-ананың еркесі, қырда қызыл гүл теріп, бақта бұлбұл үнін тыңдаған, бетіне шаң тимеген, көш-керуенде жорғадан басқа мінбеген, торқадан басқа кимеген ару қыздың портреті көз алдыға келеді. «Қазақ қыздарының балғын шағында сұлулықтары ересен: қап-қара жанары шоқтай жайнайды, қырық өрім ғып қойған бұрымы көмірдей қап-қара, ал маржандай тізілген аппақ тістері қандай, жүзінен жастықтың, жігердің нұры ойнайды, денелерінің сүйектілігі аялы болғанмен, көздерінің сәл қысыңқылығын бапты қимылы мен сәнді қозғалысы байқатпай тұрғандай» (Залесский, 1991: 62). Мұндай сұлулықты тану үшін адам баласында эстетикалық таным, білік болуы керек. Жалпы, эстетика – әлемді, қоршаған органы, жанды-жансыз тіршілікті, әдемілікті ұғыну. Сонымен қатар көрген-білгенін, танығанын, өзіне әсер еткен, көңілін жібіткен, жүрек қылын тербеткен әдемілікті ауызша не жазбаша түрде хатқа түсіріп, көркем шығармаларда бейнелі суреттей алу.

Орта ғасырлық әдеби мұраларда теңдесі жоқ сұлулықты сипаттайтын *Йусуф жамалы* тіркесі жиі қолданылады: *Йусуф жамалын сизгә берди – құдай сізге Жүсіптің сұлулығын берді* (Ибатов, 1974: 136). Осы сөйлемдегі *Жүсіп жамалы* – ерекше мағыналы айшықты тіркес. «Жүсіп-Зылиқа» – шығыс әдебиетінде кең тараған ғашықтық хикая. Құран Кәрімдегі Жүсіп пайғамбар туралы оқиға бірнеше шығармаға өзек болған. Алтын Орда дәуірінде Дүрбек ақын «Жүсіп-Зылиқа» дастанын қыпшақ-оғыз тілінде жазған. Сонымен қатар Рабғузи қиссаларының ішіндегі «Шыншыл Жүсіп» қиссасы да қазақ даласына

кең тараған. Діни-танымдық, тәрбиелік мәні зор қиссада Алла тағала сұлулықты 1000 бөлікке бөліп, 1 сұлулықты бүкіл әлемге, 999 сұлулықты Жүсіпке берген деп дәріптейді. Жүсіптің сұлулығы – бүкіл әлемді нұрландырған, шығыс әдебиетіндегі ерекше ұғым, бейне. Күллі Мысыр халқы аштық жылдары аш екенін ұмытып, Жүсіптің сұлулығына мас болып өмір сүріпті деген діни аңыз әңгімелер де бар.

Жүсіп-Зылиқаның ғашықтық оқиғасын қазақ ақындары да өз өлеңдерінде арқау қылды. Ақан сері шығармаларында шығыстық поэзия дәстүрі көп кездеседі:

Ғашықтық мен шығарған мирас емес,

Жүсіп пен Зылиқадан үлгі қалған.

Ізденіп Баһрам да Гүлөндамды,

Мехнатпен ақырында сүйтіп алған (Ақан сері, 2008: 83).

Ақан серінің ғашықтық жырлары өзі сүйген аруларды ғана емес, жалпы қазақ қыздарының сұлулығын, қыз-келіншектердің көз тартар зифа бойын бейнелеуге арналған. Ару қыздың сыртқы сымбатымен қатар ішкі жан дүниесін, мінезін, біліктілігін, сой мен тегін ашуда орта ғасырлық әдеби дәстүрлерді қолдана отырып, одан әрі жетілдіреді:

Райхандай безіп өстің гүл бау шарбақ,

Гүл жүзің, зифа бойың, етің шәрбәт.

Әуелден көңілімді бердім саған

Нәзік бел, қиғаш қасты, қалам бармақ (Ақан сері, 2008: 80).

XIX ғасырда қазақ даласында кең тараған ғашықтық дастанның бірі – «Сейфүлмәлік». Оның оқиғасы «Мың бір түннен» алынған. Дастанда сұлулықты бейнелеу дәстүрі Алтын Орда дәуірі әдебиеті дәстүрінде жалғасын тапқан. Мысалы,

Ақ жүзді, ал йанақты шаһизада,

Жаралған саф алтынан сүйектері (Бабалар сөзі, 2005: 206) .

Сейфүлмәлік – Бәдіғұлжамал оқиғасы қазақ жұртының ең сүйіп тыңдаған шығармасы болғандықтан, әртүрлі ән, жырға өзек болған. Атақты әнші Әсет Найманбайұлы махаббат азабын тартқан жастардың ерліктерін паш етіп әнге қосқан:

Инжу-маржан секілді-ай,

Ал көрінген көркіңді-ай,

Гүл майысып, гүл жайнап,

Бір көрінсең, еркем-ай.

Сәйфүл Мәлік – Жамалдай,

Бейнетіңе көнсем-ай!

Қозы-Көрпеш – Баяндай,

Бір молада өлсем-ай! (Найманбаев, 1988: 41).

Шығыс, Алтын Орда әдебиеті мен қазақ ауыз әдебиетінен нәр алған Абай Құнанбаев шығармашылығы ұлттық эстетикалық танымды жаңа деңгейге көтерді. О баста орта ғасырлық түркі, шығыс әдеби дәстүрімен «Йүзі – раушан, көзі – гәуһар, Лағилдек бет үші әхмар» деп жырлаған ақын эстетикалық дүниетанымды жаңа арнаға бұрды. Ақын

сүйіспеншілікті, әдемілікті бейнелеуде адамның ішкі жан дүниесімен астастырып, тағдырымен, өмірімен шендестіріп жырлады:

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,

Аласы аз қара көзі нұр жайнайды.

Жіңішке қара қасы сызып қойған,

Бір жаңа ұқсатамын туған айды (Абай Құнанбайұлы, 2003: 46)

«Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңдері – сұлу қыздың бейнесін жасаудың озық үлгісі. Абайдың эстетикалық идеалы – тән сұлулығы мен жан сұлулығы бір бойынан табылған жандар. «Қызарып, сұрланып», «Көзімнің қарасы», «Сен мені не етесің» өлеңдері ғашық жанның ішкі психологиялық жан дүниесін бере білуімен, Алла тағаланың адамзатқа берген сыйы – сүйіспеншілікті, асыл сезімді бейнелеуімен аса құнды.

Ежелгі дәуірлердегі әдебиеттің көркемдік жүйесі мен бітімі, өзіндік заңдылығы бар, жалқыдан жалпыға ұласып, тұтас эстетикалық танымдық кеңістікті құрайтын күрделі үрдіс (Егеубаев, 1999: 5) болса да, қазақ жазба әдебиетінде түп тамырдан қол үзбей, жаңаша, ұлттық сипатта өрістеді.

«Хұсрау мен Шырын», «Мұхаббат-наме» поэмаларында сұлулықты суреттеуде мәң (мең) сөзі кеңінен қолданылады. Бұл көркем шығармаларда араб, парсы, түркі поэзиясының бәйіт, ғазал, мәснауи, қыта сияқты өлең түрлері молынан пайдаланылған. Е.Бертельстің «IX ғасырда негізгі әдеби тіл болған араб тілінің орнын X ғасырда парсы тілі басты. Араб тілі тек ғылым мен дін саласында үстем қолданылды да, ал көркем әдебиетте үшінші ағайын болып түркі тілдері қосылды. Бірақ бұлар – үш түрлі әдебиет емес, үш түрлі тілді пайдаланған бір ғана әдебиет», – деген пікірі осындай игі дәстүрлер негізінде айтылған (Бертельс, 1995: 39).

Алтын Орда дәуірі шығармаларында араб-парсы-тәжік әдебиетінің іздері, ықпалы байқалуы – заңды құбылыс. Парсы өлеңінің өлшемін әдебиеттанушы ғалымдар төрт стильге бөліп қарайды: Хорасани, Ирағи, Үнді және жаңа дәуірлік. Ирағи стилі XIII-XVI ғасырларда дамудың шырқау биігіне жетті де, түркі-қыпшақ әдебиетіне де өз әсерін тигізді.

«Махаббат-наменің» өлең жолдарына зер салсақ:

Аның кім ал өңінде мең йаратты

Бойы бірла сачына тең йаратты

Алқызыл өңіне оның мең жаратты,

Шашын бірдей бойына тең жаратты (Хорезми, 1985д: 37).

Қара мең ал йықында йаратұр,

Башын дайын адақыңа йаратұр.

Алқызыл өңіне қара меңің жарасар,

Басың дәйім аяғыңа жарасар (Хорезми, 1985е: 40).

Осы өлең жолдарындағы мең сөзінің өзіндік астары, мән-мағынасы бар. Сопылық бағыттағы діни ұғымда мең шынайы бірігу нүктесі деген мағынада қолданылады.

Себебі нағыз сопылар шындықты ішкі сезім, шабытпен түсінеді, өз көргендерін арнайы терминдермен баяндайды, сол арқылы шындық сырын түсінуге ұмтылғандарға жетекші болады. Дүние жаратылысы шексіз. Шайыр сұлулықтың бір белгісіндей болып тұрған мең арқылы Хақтағаланың шындығын көрсетуге тырысады. Жер-дүние әлемде алғаш нүкте күйінде пайда болған. Ендеше *мең* – ақ қағаздағы нүкте, Алла тағала туғызған құдіретті шындық. Ғалам, тіршілік нүктеден басталады. Нүкте – бастама. Құранның алғашқы сөзі «Бісмиллә». Осындағы бірінші тұрған «б» әрпінің астына нүкте қойылған. Нүкте қойылмаса, қандай дыбыс беретіні белгісіз. Нүкте ислам философиясы мен классикалық мұсылман поэзиясының қасиетті де қадірлі образы. Нүкте – шындық, Алла тағалаға жақындаудың алғашқы әрекеті. Алла Тағалаға жақындау үшін, Адам Ата мен Хауа анамен жұптасу үшін басты шындық – махаббат, сүйіспеншілік. Алтын Орда – Қыпшақ дәуірі жазба мұраларының мәтінінде бүгінгі оқырман түсіне бермейтін осындай құпиялы, сыры терең мән-мағыналар да бар. Бұл рухани мәдениеттің тарихы тым тереңде екенін білдіреді. Профессор Кемел Ақышев «Қазақтың дәстүрлі мәдениетінің шығу тегі» деген зерттеу мақаласында қазақ халқы, қазақ этномәдениетінің түп тамыры туралы ой толғай отырып: «оның үстіне антропологиялық түр, тіл, дәстүрлі материалдық және рухани мәдениет халықтың атауының өзі пайда болған кезден көп бұрын қалыптасты. Тұтас бір этногенетикалық үрдісті түзген көптеген құрамдас бөліктердің ішінен этносты анықтап, белгілеп тұратын деректердің кесек-кесек, күрделі құрылымдарын бөліп алып көрсетуге болады», – деп тұжырымдады (Кималъ, 1995: 25).

Орта ғасырлық әдеби жәдігерліктердегі *мең*-нің астынан сыр іздеу, *мең*-нің иесіне ғашық болу үрдісі үзіліп қалған жоқ. Исраил Сапарбай сияқты жүрегі нәзік ақындардың қаламынан әдемі жырлар туғызды:

Бетіңдегі бір *мең*ің
Бесігіндей жалғанның,
Есіміндей арманның,
Есігіндей түрменің.
Сол бесікте неге ғана тербеліп,
Сол түрмеге неге ғана кірмедім?
Кірсем еді түрме ішіне – түнекке,
Меймана *мең* – *мең*дуана тілек пе?..
Келтірер ме ем кәлимаға тілімді,
Жастап жатып кәлләмді аппақ білекке.
Жалғыз ноқат...
Нүктесіндей жалғанның,
Неге саған өліп-өштім, арбалдым.

Осындай көркемдік дәстүр жалғастығын танытатын шығармаларды бүгінгі қазақ әдебиетінен көптеп кездестіруге болады. Профессор Ш.Сатбаева пікіріне жүгінсек, қазақ әдебиетінің даму, баю, өркендеу тарихында шығыс әдебиетімен сабақтастық негізгі арна болып қала береді (Сатбаева, 2012: 203).

Нәтижелер

Зерттеу нәтижесі бойынша мынадай тұжырымдар ұсынуға мүмкіндік бар: Қазақ жұртының негізін құраған байырғы түркі-қыпшақ тайпаларының рухани-мәдени құндылықтары ежелгі түркі замандарынан тамыр алып, орта ғасырларда өрістеген. Өзіндік дүниетанымы, көркемдік-эстетикалық шешім, талғамдары Алтын Орда дәуірі жазба әдеби мұраларында тілдік құралдар, ай, гүл, мең т.б. сөз-символдар арқылы әдемі көрініс тапқан. Өйткені тілдің басты қызметі – көркем туындының сөз саптауына үйлесіп, өрнек салып, түркі-қыпшақ ұланының көз алдына келісті көркем бейне арқылы әсер ететін, ләззат сыйлайтын эстетикалық танымды қалыптастыру.

Кең жазира даланы мекендеген байырғы қыпшақтардың бүгінгі мұрагері қазақ жұрты да ата-баба дәстүрімен, ежелден тамыр тартқан тарихи жадымен қоршаған ортаны және адам баласына тән сұлулықты танудың эстетикалық жоғары деңгейін көрсете білді. Зерттеу жұмыстың негізгі нысаны болған Құтыптың «Хұсрау мен Шырын», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» поэмалары – рухани-мәдени дүниетанымның, эстетикалық көзқарастың дерек көзі, мол қоры. Әдеби мұра тіліндегі айшықты сөздер, тұрақты тіркестер, теңеу, эпитет, метафоралық қолданыстар, сөз-символдар кейінгі қазақ әдебиетінде өрісін жалғастырып, әдемілікті, сұлулықты бағалаудың тұтас полотносын құрап тұр.

Қорытынды

Алтын Орда дәуірі әдебиетіндегі көркем шығармалар, жазба әдеби мұралар шығыстық поэтикалық дәстүрдің үрдісін жалғастырып, түркілік салт-сана, дүниетаныммен сабақтасып, түркі рухани-мәдени құндылықтар әлемінің мазмұнын байытты.

Жазба мұралар мәтініндегі сөз-символдар байырғы қыпшақтардың дүниетанымын, қаламгерлердің сөз саптау шеберлігін, құнарлы ойды бейнелі, көркем кестелеп берудің үлгісін көрсетеді, эстетикалық таным тереңдігін байқатады.

Алтын Орда мемлекетінің титулды этносы байырғы қыпшақтардың рухани мәдениетін танытатын күрделі құрылымдардың бір парасы – эстетикалық таным үрдісі. Көркемдік-эстетикалық дүниетаным Алтын Орда дәуірі әдеби жәдігерліктері бойынан анық көрінеді. Осы әдеби мұралардың бойындағы сөзбен өрнектелген мәдени-рухани құндылықтар әлемі, оның ішіндегі эстетикалық дүниетаным, әдемілікті, сұлулықты тану, бағалау үрдістері бүгінгі қазақ әдебиетіне дейін жалғасып, өрісін тауып, сабақтасып жатқан көркемдік тіндер, рухани кернеулер.

Әдебиет

Абай Құнанбайұлы, 2003. Өлеңдер, аудармалар, қара сөздер. Алматы: Мектеп. 248б.

Ақан сері, 2008. Өлеңдері, нақыл сөздері, әзіл-сықақ қағытпалары, айтыстары. Құраст.

Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы, 2022. Алматы: «Evo Press» баспа үйі. 320 б.

Әдеби жәдігерлер, 2012. 20 томдық. Құтб Хұсрау-Шырын.16-том., Алматы: «Таймас» баспа үйі. 472 б.

Бабалар сөзі, 2005. Жүз томдық: 17-том. Ғашықтық дастандар. Құраст. Әзібаева; жауапты шығ. Ж. Рақышева; ред. алқасы: Б. Әзібаева. Астана: Фолиант. 368 б.

Бертельс Е.Э., 1995. Избранные труды «Навои и Джами». Москва: Издательство «Наука». 498 с.

Бертельс Е.Э., 1935. Персидская поэзия в Бухаре. Ленинград: Издательство Академии Наук СССР. 58 с.

Брагинский И.С., 1984. Иранское литературное наследие. Москва: Издательство «Наука». 294 с.

Бердібаев Р., 2018. 2 том. Гүлстанның бұлбұлдары. Жұлдыздар жарығы. Алматы: РПБК «Дәуір». 480 б.

Залесский Б., 1991. Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: Өнер. 205 б.

Ибатов А., 1974. Кутбтың «Хусрау мен Шірін» поэмасының сөздігі. Алматы: Ғылым. 277 б.

Кеңесбаев І., 2007. Қазақ тілі фразеологиялық сөздігі. Алматы: Арыс. 711 б.

Кималь А., 1995. К генезису традиционной культуры казахов // Культура кочевников на рубеже веков: Проблемы генезиса и трансформации. Материалы международной конференции. Алматы.

Күмісбаев Ө., 1994. Терең тамырлар. Алматы: Ғылым. 315 б.

Қазақ эпостары., 2006. Алматы: Көшпенділер. 416 б.

Қыраубаева А., 1988. Ғасырлар мұрасы. Алматы: Мектеп. 163 б.

Құрышжанов Ә., Ибатов А., 1981. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында// Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы: Ғылым. Б. 97-124.

Лихачев Д.С., 1979. Поэтика древнерусской литературы. Москва: Издательство «Наука». 416 с.

Мүсірепов Ғ., 1996. Ой сезім сәттері. Алматы: Жалын. 144 б.

Наджиб Э.Н., 1979. Историко-сравнительный словарь XIV века. На материале «Хусрау и Ширин» Кутба и его язык. Москва: Издательство «Наука». 478 с.

Найманбаев Ә., 1988. Шығармалар: әндер, өлеңдер, айтыстар, қисса-дастандар. Құраст.: Б. Нұржекеев, Б. Абылқасымов. Алматы: Жазушы. 302 б

Сабыр М.Б., 2021. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. Алматы: «Liber» баспасы. 464 б.

Сағындықұлы Б., 2006. Алтын Орда жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 109 б.

Салықов К., 2016. Шығармалары. Астана: Фолиант. 208 б.

Сатпаева Ш.К., 2012. IV том. «Влияние времени». Статьи. Астана: Елорда. 408 с.

Сыздықова Р.Г., 1995. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат. 405 б.

Хамраев А.Т., 2024. Литература Золотой Орды в контексте историко-культурного дискурса // Turkic Studies Journal. Т. 6. № 3. Б. 175-195. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-175-195>

Хорезми, 1985. Махаббатнама. ауд. А.Қыраубаева. Алматы: Жалын. 112 б.

Reference

- Abai Qūnanbaiūly, 2003. Öleñder, audamalar, qara sözder. [Abay Kunanbaiuly. Poems, translations, thoughts]. Almaty: School. 248 p. [in Kazakh].
- Akan Seri, 2008. Öleñderi, naqyl sözderi, äzil-syqaq qağytpalary, aitystary. [Poems, proverbs, jokes, sayings]. Compiled by K. Salikov. Astana: Foliant. 208 p. [in Kazakh].
- Altyn Orda ädebieti: genezis, janrlyq erekşelik, dästür jalğastyğy [Literature of the Golden Horde: genesis, genre specificity, continuity of tradition.], 2022. Almaty: Publishing house «Evo Press» 320 p. [in Kazakh].
- Ädebi jädiğerler [Literary relics], 2012. 20 volumes. Qutb Khusrau-Shyryn. Volume 16. Almaty: Taimas publishing house. 472 p. [in Kazakh].
- Babalar sözi [The words of the ancestors], 2005. Jüz tomdyq: 17-tom. Ğaşyqtyq dastandar. 100 volumes: Volume 17. Love sagas. Compiled by Azibayeva; take responsibility J. Rakhisheva; ed. board: B. Azibaeva. Astana: Foliant. 368 p. [in Kazakh].
- Bertels E.E., 1995. Izbrannye trudy «Navoi i Dzhami» [Selected works «Navoi and Jami»]. Moscow: Publishing house «Nauka». 498 p. [in Russian].
- Bertels E.E., 1935. Persidskaja poezija v Buhare. [Persian poetry in Bukhara]. Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. 58 p. [in Russian].
- Braginsky I.S., 1984. Iranskoe literaturnoe nasledie. [Iranian literary heritage]. Moscow: Publishing house «Nauka». 294 p. [in Russian].
- Berdibaev R., 2018. Gülstannyñ bülbüldary. Jüldyzdar jaryğy [Nightingales of Gulistan.] 2 volume. Zhuldyzdar zharygy. Almaty: RPBK «Daur». 480 p. [in Kazakh].
- Zalessky B., 1991. Qazaq saharasyna saiahat [Journey to the Kazakh Sahara]. Almaty. Oner. 205 p. [in Kazakh].
- Ibatov A., 1974. Kutbtyñ «Husrau men Şirin» poemasyñyñ sözdığı [Dictionary of Qutb's poem «Khusrau and Shirin»]. Almaty: Gylym. 277 p. [in Kazakh].
- Kenesbaev I., 2007. Qazaq tılı frazeologialyq sözdığı [Phraseological dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Arys 711 p. [in Kazakh].
- Kimal A., 1995. K genezisu tradicionnoj kul'tury kazahov. Kul'tura kochevnikov na rubezhe vekov: Problemy genezisa i transformacii [The genesis of traditional Kazakh culture. Culture of nomads at the turn of the century: Problems of genesis and transformation. The material of the international conference]. Almaty. [in Russian].
- Kumisbaev O., 1994. Tereñ tamyrlar [Deep roots]. Almaty: Gylym. 315 p. [in Kazakh].
- Qazaq epostary [Kazakh epics], 2006. Almaty: Koshpendiler. 416 p. [in Kazakh].
- Kyraubaeva A., 1988. Ğasyrlar mürasy [Heritage of centuries]. Almaty: Mektep. 163 p. [in Kazakh].
- Kuryshzhanov A., Ibatov A., 1981. Ejelğı türkı jazba eskertkişteri jaiynda [About ancient Turkic written monuments. History of formation and development of Kazakh literary language]. Almaty: Gylym. P. 97-124. [in Kazakh].
- Likhachev D.S., 1979. Pojetika drevnerusskoj literatury [Poetics of ancient Russian literature]. Moscow: Publishing house «Nauka». 416 p. [in Russian].
- Musrepov G., 1996. Oi sezim sätterı. [Moments of thoughts and feelings]. Almaty: Zhalyn. 144 p. [in Kazakh].
- Najip E.N., 1979. Istoriko-sravnitel'nyj slovar' XIV veka. Na materiale «Husrau i Shirin» Kutba i ego jazyk [Historical and comparative dictionary of the 14-th century. In the material «Khusrau and Shirin» by Qutb and his language]. Moscow: Publishing house «Nauka». 478 p. [in Russian].

Naimanbaev A., 1988. Şyğarmalar: änder, öleñder, aitystar, qissa-dastandar [Works: songs, poems, sayings, stories.]. Composed by: B. Nurzhekeev, B. Abylkasymov. Almaty: Writer. 302 p. [in Kazakh].

Sabyr M.B., 2021. Köne qypşaq tılı men qazaq tiliniñ fono-morfo-semantikalyq sabaqtastyğy [Phono-morpho-semantic continuity of the ancient Kypchak language and the Kazakh language]. Almaty: «Liber» publishing house. 464 p. [in Kazakh].

Sagynykuly B., 2006. Altyn Orda jazba eskertkişteriniñ salystyrmaly leksikasy [Comparative lexicon of written monuments of the Golden Horde]: textbook. Almaty: Kazakh University. 109 p. [in Kazakh].

Satpaeva Sh.K., 2012. «Vljanie vremeni» [«The influence of time.»] IV volume. Articles. Astana: Elorda. 408 p. [in Russian].

Syzdykova R.G., 1995. Abaidyñ söz örneği [Art of speech of Abai]. Almaty. 405 p. [in Kazakh].

Khamraev A.T., 2024. Literatura Zolotoj Ordy v kontekste istoriko-kul'turnogo diskursa. [Literature of the Golden Horde in the context of historical and cultural discourse]. Turkic Studies Journal. Vol. 6. No 3. P. 175-195. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-3-175-195> [in Russian]

Khorezmi, 1985. Makhabbatnama. Translation by Kyraubaeva A. Almaty: Zhalyñ. 112 p. [in Kazakh].

***M. Sabyr^a**

*^aWest Kazakhstan innovative and technological university, Uralsk, the Republic of Kazakhstan
(E-mail: sabir_uralsk@mail.ru)*

**Corresponding author: sabir_uralsk@mail.ru*

A. Ramanova^b

*^bWest Kazakhstan innovative and technological university, Uralsk, the Republic of Kazakhstan
(E-mail: ramanova2008@mail.ru)*

D. Kussainova^c

*^cWest Kazakhstan innovative and technological university, Uralsk, the Republic of Kazakhstan
(E-mail: dina_kusainova@mail.ru)*

T. Akhmetov^d

*^dWest Kazakhstan innovative and technological university, Uralsk, the Republic of Kazakhstan
(E-mail: talgat_akhmet@bk.ru)*

The aesthetic world of Golden Horde literature and its continuity in Kazakh literature

Abstract. The written literary monuments of the Golden Horde era hold significant importance in the spiritual and cultural history of the Kazakh people. The common spiritual culture of the Turkic peoples during this period was embodied in a unified Middle Turkic language, which laid the foundation for literature in the Kipchak-Oghuz and Oghuz-Kipchak languages and marked the emergence of national trends. However, these literary monuments also show the influence of Eastern poetic traditions, which are clearly manifested in Qutb's "Khosrow and Shirin", and Khorezmi's "Mukhabbat-name".

The purpose of this paper is to study the world of spiritual and cultural values, including aesthetic knowledge, within the context of written literary heritage. Additionally, a number of artistic and

aesthetic concepts in Kazakh literature, which have deep roots, are considered. The written literary heritage of the Golden Horde period reflected the worldview, artistic and aesthetic expression through linguistic means, including the use of epithets, metaphors, comparisons, idioms and set phrases. The written monuments of the 13th–14th centuries constitute a rich source of information regarding the spiritual and cultural worldview and aesthetic perception of the period.

The research has significant practical value. The results obtained can be used in the history of literature and cultural studies.

Keywords: The Golden Horde, poetic tradition, spiritual and cultural heritage, value, aesthetics, artistic means, continuity.

***М. Сабыр^a**

*^aЗападно-Казахстанский инновационно-технологический университет,
Уральск, Республика Казахстан
(E-mail: sabir_uralsk@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: sabir_uralsk@mail.ru*

А. Раманова^b

*^bЗападно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Республика Казахстан
(E-mail: ramanova2008@mail.ru)*

Д. Кусаинова^c

*^cЗападно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Республика Казахстан
(E-mail: dina_kusainova@mail.ru)*

Т. Ахметов^d

*^dЗападно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Уральск, Республика Казахстан
(E-mail: talgat_akhmet@bk.ru)*

Эстетический мир литературы периода Золотой Орды и его преемственность в казахской литературе

Аннотация. В духовной и культурной истории казахского народа важное место занимают письменные литературные памятники эпохи Золотой Орды. Общая духовная культура тюркских народов Золотоордынской эпохи нашла отражение в едином среднетюркском языке, на основе которого получила расцвет литература на кыпчак-огузском и огузо-кыпчакском языках и стали определяться национальные тенденции. Однако в этих литературных памятниках можно наблюдать влияние восточных поэтических традиций, которые ярко проявились в памятниках «Хосров и Ширин» Кутыпа, «Мухаббат-наме» Хорезми.

Цель данной статьи – изучить мир духовных и культурных ценностей, в том числе эстетических знаний в памятниках «Хосров и Ширин» Кутыпа, «Мухаббат-наме» Хорезми, а также раскрыть преемственность художественно-эстетических ценностей в современной казахской литературе. В указанных тюркских памятниках эпохи Золотой орды авторы статьи подвергают анализу

художественные тропы: эпитеты, метафоры, риторические вопросы, сравнения, идиомы и устойчивые словосочетания, посредством которых раскрываются мировоззрение, культура и художественно-эстетические ценности эпохи. Следует отметить, что художественные тропы в памятниках золотоордынского периода также нашли позже преемственность в литературе тюркских народов в целом и в казахской литературе, в частности. В процессе исследования были использованы историко-сравнительные, описательные методы и текстологический анализ. Статья имеет также и прикладное значение, ибо полученные результаты могут быть использованы в преподавании истории, литературы и культуры.

Ключевые слова: Золотая Орда, поэтическая традиция, духовное и культурное наследие, ценность, эстетика, художественные средства, преемственность.

Авторлар туралы мәлімет:

Сабыр Мұрат, филология ғылымдарының докторы, филология және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.Назарбаев даңғылы, 194, Орал, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0001-7281-4167

Scopus ID: 57224120421

Раманова Айгуль, филология ғылымдарының кандидаты, филология және оқыту әдістемесі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.Назарбаев даңғылы, 194, Орал, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-2226-3704

Scopus ID: 57190443475

Кусаинова Дина, педагогика ғылымдарының кандидаты, шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.Назарбаев даңғылы, 194, Орал, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0009-0008-3240-3978

Ахметов Талгат, педагогика ғылымдарының магистрі, шетел тілдері және аударма ісі кафедрасының аға оқытушысы, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Н.Назарбаев даңғылы, 194, Орал, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-9671-7115

Information about authors:

Sabyr Murat, Doctor of Philology, Professor of the Department of Philology and Teaching Methods, West Kazakhstan Innovative and Technological University, 194 N. Nazarbayev Avenue, Uralsk, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0001-7281-4167

Scopus ID: 57224120421

Ramanova Aigul, Candidate of Philology, Associate professor of the Department of Philology and Teaching Methods, West Kazakhstan Innovative and Technological University, 194 N. Nazarbayev Avenue, Uralsk, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-2226-3704

Scopus ID: 57190443475

Kussainova Dina, Candidate of Pedagogy, Associate Professor of the Department of Foreign Languages and Translation Studies, West Kazakhstan Innovative and Technological University, 194 N. Nazarbayev Avenue, Uralsk, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0009-0008-3240-3978

Akhmetov Talgat, Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of Foreign Languages and Translation Studies, West Kazakhstan Innovative and Technological University, 194 N. Nazarbayev Avenue, Uralsk, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-9671-7115

Сведения об авторах:

Сабыр Мурат, доктор филологических наук, профессор кафедры филологии и методики преподавания, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, пр. Н. Назарбаева, 194, Уральск, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-7281-4167

Scopus ID: 57224120421

Раманова Айгуль, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор кафедры филологии и методики преподавания, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, пр. Н. Назарбаева, 194, Уральск, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-2226-3704

Scopus ID: 57190443475

Кусаинова Дина, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры иностранных языков и переводческого дела, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, пр. Н. Назарбаева, 194, Уральск, Республика Казахстан.

ORCID: 0009-0008-3240-3978

Ахметов Талгат, магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры иностранных языков и переводческого дела, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, пр. Н. Назарбаева, 194, Уральск, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-9671-7115